

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің қарауындағы ұйымдарды басқаруды жетілдірудің жекелеген мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 13 мамыр N 706

Халықаралық деңгейдегі спортшылар мен спорт резервін даярлау жөніндегі жекелеген мемлекеттік кәсіпорындарды басқаруды жетілдіру, сондай-ақ бюджеттік қаражатты тиімді пайдалану мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1 . М ы н а л а р :

1) "Штаттық ұлттық командалар дирекциясы", "Спорт резервін даярлау республикалық оқу-жаттығу орталығы", "Спортшылардың допингке қарсы республикалық зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын, "Монтажник" спорттық-сауықтыру кешені" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу арқылы - "Штаттық ұлттық командалар және спорт резерві дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ;

2) "Спорт & ks" газетінің редакциясы" мемлекеттік мекемесі - "Спорт & ks" газетінің редакциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ осы қаулының 1-тармағына сәйкес құрылатын кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі белгіленсін.

3. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кәсіпорындар қызметінің негізгі нысанасы болып :

1) штаттық, ұлттық командаларды ұстау;

2) халықаралық деңгейдегі спортшылар мен спорт резервін даярлау;

3) Олимпиада және Азия ойындарына, әлем және Азия чемпионаттарына, басқа да халықаралық спорт жарыстарына қатысуға спортшылардың дайындалуын қамтамасыз ету ;

4) дене тәрбиесі мен бұқаралық спортты дамыту деп айқындалсын.

4. "Қазинтерспорт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

5. Мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі белгіленсін.

6. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы болып:

1) Қазақстан спортшылары мен жаттықтырушыларының шетелдік спорт ұйымдарына қатысуы мәселесін реттеу;

2) Қазақстан спортшылары мен жаттықтырушыларының шетелдік спорт ұйымдарына қатысуы жөнінде клубтармен, халықаралық спорт ұйымдарымен келісім-шарттар жасасу деп айқындалсын.

7. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) осы қаулының 1 және 4-тармақтарында көрсетілген Кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін;

2) олардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

8. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 13 мамырдағы

N 706 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.07.28. N 1156 қаулысымен .

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен .